

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫ» ММ-нің
ШЖҚ «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ
АУРУХАНАСЫ» МКК



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГКП «УИЛСКАЯ РАЙОННАЯ
БОЛЬНИЦА» на ПХВ ГУ
«УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

030000, Ақтөбе қаласы Ойыл ауданы,
Ойыл селосы, Желтоқсан көш., 19
тел. (факс): +7(71332), 2-10-80
E-mail: uil_crb@mail.ru

030000, г. Ақтөбе, район Уил,
село Уил, ул. Желтоқсан, 19
тел. (факс): +7(71332), 2-10-80
E-mail: uil_crb@mail.ru

ХАТТАМА № 1

БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Ойыл селосы

08.02.2024 г.

Отырыс өткізілетін орын: Ойыл селосы Желтоқсан көшесі 19

Мекеме сәйкестендіру коды: 14-060440006310-2023-007

Отырысты өткізу нысаны: күндізгі, (Zoom)

Отырыстың ашылу уақыты: 15 сағат 30 мин.

Отырыстың аяқталу уақыты: 16 сағат 30 мин.

Отырысқа қатысуға шақырылған Бақылау кеңесінің мүшелері:

1. С.К.Койбағаров – Бақылау кеңесі төрағасы
2. А.А.Шарапатов – Бақылау кеңесі мүшесі
3. А.А. Амангельдиев – Бақылау кеңесі мүшесі
4. К.Ә.Әліп – Бақылау кеңесі мүшесі
5. А.М.Байбатчасва – Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесі

Шақырылғандар:

1. С.М.Нурбаев ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК бас дәрігері
2. Н.Б.Арыстанова – ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары;
3. Ж.С.Есенгарина – ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК бас бухгалтері.

ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ:

1. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК-ның 2023 жылғы жұмыс қорытындысы.
2. ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК 2023 жылға арналған даму жоспарының орындалуы туралы есебін талдау, келісу.
3. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК 2024 жылғы штаттық кестеге комплаенс қызметін енгізу, талдау, келісу,
4. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК-ның 2024 жылға:
Кәсіпорын басшыларының (басшы, орынбасарлары, бас есепші) лауазымдық айлық ақыларына ынталандыру үстеме ақыларының мөлшерін белгілеу.
Қызметкерлердің ЛА (тарифтік мөлшерлемелері) түзету коэффициенттерін белгілеу. 2024 жылға арналған хирургиялық бейін (хирург, акушер-гинеколог, анестезиолог) және терапиялық бейін (кардиолог, терапевт) басшыларының,

- әкімшілік персоналының, дәрігерлердің ынталандыру (стимулирующий) төлемі жөнінде келісу, жалақысын бекіту.
4. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК-ның мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес 2024 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарын бекіту
 5. Төсек қорын немесе Медициналық пункттерінің штаттық өзгертілуі, оның ішінде оны қысқартуды немесе қайта бейімдеуді келісу.

Бултекова А.С. – Бақылау кеңесі мүшелерінің келуі туралы баяндаңыз.

БК хатшысы: Бултекова А.С.

Отырысқа қатысып отырғандар:

1. Қойбағаров С.К. – Бақылау кеңесі төрағасы
3. А.А. Амангельдиев – Бақылау кеңесі мүшесі
4. К.Ә.Әліп – Бақылау кеңесі мүшесі

Кворум бар.

Біздің күн тәртібімізде қаралатын төрт сұрақ бар:

1. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК-ның 2023 жылғы жұмыс қорытындысы.
2. ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК 2023 жылға арналған даму жоспарының орындалуы туралы есебін талдау, келісу.
3. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК 2024 жылғы штаттық кестеге комплаенс қызметін енгізу, талдау, келісу.
4. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК-ның 2024 жылға:
Кәсіпорын басшыларының (басшы, орынбасарлары, бас есепші) лауазымдық айлық ақыларына ынталандыру үстеме ақыларының мөлшерін белгілеу.
Қызметкерлердің ЛА (тарифтік мөлшерлемелері) түзету коэффициенттерін белгілеу. 2024 жылға арналған хирургиялық бейін (хирург, акушер-гинеколог, анестезиолог) және терапиялық бейін (кардиолог, терапевт) басшыларының, әкімшілік персоналының, дәрігерлердің ынталандыру (стимулирующий) төлемі жөнінде келісу, жалақысын бекіту.
4. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК-ның мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес 2024 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарын бекіту
5. Төсек қорын немесе Медициналық пункттерінің штаттық өзгертілуі, оның ішінде оны қысқартуды немесе қайта бейімдеуді келісу.

Сөз сөйлеген: Нурбаев Сандибек Мухамбетжанович

Алғашқы мәселе бойынша: Ойыл аудандық емдеу мекемелерінің 2023 жылда жасалған жұмыстарының қорытындысы туралы.

Аудан бойынша 2023 жылы барлығы –18539 (РПН-14588) тұрғын тіркелген:
5575 (РПН - 5177) - 14 жасқа дейінгі балалар,
976 (РПН - 694) - жасөспірімдер
12107 (РПН - 8594)- ересектер
Босану жасындағы әйелдер саны – 4477 (РПН-2853).

Халыққа 1 ОАА, 6 ДА, 1 ФАП, 14 МП қызмет көрсетеді.

Аудан бойынша орташа есеппен 1 ЖТД бекітілген халық саны-**1700.**

- 2023 ж 12 айында туылған балалар саны –291 (2022 ж-323) былтырғы жылмен салыстырғанда 32 балаға төмендеген.
- 1 жасқа дейін шетінеген балалар саны-2 (2022 ж-4), көрсеткіші- 6,76 (2022 ж-10,31), былтырғы жылмен салыстырғанда төмендеген. Облыстық көрсеткіш -9,39.
- Өлім көрсеткіші -75 (5,37) (2022 ж -76 (5,57)) былтырғы жылмен салыстырғанда 0,37 бірлікке азайған.
- Табиғи өсім былтырғы жылмен салыстырғанда 1,9 бірлікке азайған.
- Екпеден бас тартқандар тіркелген жоқ

- Туберкулезбен алғашқы сырқаттанғандар саны – 5, көрсеткіші-26,3. 2022 ж - 5 (26,9) бір деңгейде.

- Ісік ауруымен жаңадан есепке алынғаны азайған-11 (2022 ж - 14),
- көрсеткіші –57,9 (73,7). 3 адамға азайған.

Кадр мәселесі

Кәсіпорынның штат саны 2023 ж 270,5 бірлік мөлшерінде көзделген

Барлық дәрігерлер саны - 34 (2022 ж - 35), 10000 тұрғынға шаққанда дәрігерлермен қамту көрсеткіші –17,8 (2022 ж – 18,4).

Мамандықтары бойынша білімін жетілдірген дәрігер-16 (2022 ж – 19), мейірбикелер-45. Квалификациялық категориялары бар дәрігерлер саны - 18 (21), оның ішінде санаты бойынша 8-жоғары, 10-ы бірінші категориялы. 2 – екінші категория.

Жетіспейтін мамандар саны–3,ЖТД-2 (Қайыңды, Құрман), акушер-гинеколог дәрігер-1

Мейірбикелер саны – 151, (2022 ж – 146 (76,0)). Квалификациялық категориялары бар мейірбикелер саны – 93 (77), оның ішінде санаты бойынша 71-жоғары, 13-і бірінші категориялы. 9 – екінші категория.

Материалды техникалық база

«Ауыл–ел бесігі» жобасы аясында Ойыл аудандық ауруханасының ғимаратына, 476,5 млн.тг бөлініп тұрмыстық корпусы және қазандық ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүрді.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында бүгінгі таңда 13 ауылда медициналық ұйымдар жанынан дәріхана пункттері ашылды.

Жалпы сомасы 57 млн 600 тг Амангелді, Берсиев, Көптоғай, Қараой дәрігерлік амбулаторияларына жаңа жедел-жәрдем автокөлігі берілді. 2023 ж 10 айында ауруханаға 86 млн 930 тг УЗИ аппарат, 1 рентген аппарат-16 млн тг, 1 ЭКГ (холтер) аппарат- 6 млн тг сатып алынды.

Сөз алған: С.К.Койбағаров: Екінші мәселе бойынша: ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК-ның 2024 жылғы штаттық кестеге комплаенс қызметін еңгізу, талдау, келісу. Ақтөбе облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) департаментінің хаты : ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызмет туралы үлгілік ережені бекіту туралы» осыған орай, ұйымда комплаенс-қызмет функциясын квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастырмай, мүдделердің ықтимал қақтығысын ескере отырып, комплаенс қызметтің функцияларын орындайтын жеке, жауапты тұлғаны дереу белгілеуді немесе жауапты тұлға лауазымдарды қоса атқарған жағдайда ҚР еңбек кодексінің 111-бабы бойынша, еңбекке қосымша ақысы төлеуді ұсынамыз.

Осы айтылғандардың негізінде ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК 2024 жылға штаттық кестеге комплаенс қызметін еңгізу және бекіту мүмкін деп санаймын.

Штаттық кестеге комплаенс қызметін еңгізу және бекіту үшін отырыс соңында дауыс беруге шақырамын.

Сөз алған: С.М.Нурбаев Үшінші мәселе бойынша: ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК 2024 жылға арналған хирургиялық бейін (хирург, акушер-гинеколог, анестезиолог) және терапиялық бейін (кардиолог, терапевт) басшыларының, әкімшілік персоналының, дәрігерлердің ынталандыру (стимулирующий) төлемі жөнінде келісу, жалақысын бекіту.

Сөз алған: С.М.Нурбаев, Құрметті Бақылау кеңесінің мүшелері! Ауданның ауыл тұрғындарына тәуліктің кез келген уақытында уақтылы, білікті, шұғыл медициналық

көмек көрсету мақсатында хирургиялық бейіндегі (хирург, акушер-гинеколог, анестезиолог), терапиялық бейіндегі (кардиолог, терапевт) дәрігерлерге барлық үстемеақыларды қоса алғанда, қауырт еңбегі үшін қосымша айлықақы ынталандыру төлемі белгіленуге;

Әкімшілік персоналының (басшы, орынбасарлары мен бас есепші) айлық жалақысы көлеміне 2015ж. 31 желтоқсан №1193 ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес түзету коэффициентін 3,42ге, ынталандыру үстемақы көлемі ЛА (25% ауылдық жерде жұмыс істейтін үшін және 10% көтерме үшін қосылмағанда) 1,0 мөлшерінде белгіленуіне және 0,25шт. бірлікте маман сертификатына сай жүргізілген қызметіне қосымша ақы төлеуге ;

Медицина қызметкерлер санатына жатпайтын Блок А санатындағы қызметкерлерге түзету коэффициенті 2,78 мөлшерде белгіленуге;

ШЖҚ МКК Ойыл аудандық ауруханасы басшыларының (басшы, орынбасарлары, бас есепші) еңбек өтілдері:

Басшы: Нурбаев Сандибек Мухамбетжанович – 29.07.2022 жылы аудандық ауруханаға хирург дәрігері болып қабылданды. Жалпы еңбек өтілі - 22 жыл 5 ай 3 күн, оның ішінде басшы қызметі - 10 жыл 2 ай 7 күн;

Орынбасары: Арыстанова Нурбану Бактығалиевна – 20.07.1996 жылы аудандық ауруханаға терапевт дәрігері қызметіне қабылданды. Жалпы еңбек өтілі – 28 жыл 5 ай 10 күн, оның ішінде бас дәрігердің ұйымдастыру-әдістемелік жөніндегі орынбасары қызметінде еңбек өтілі – 7 жыл 8 ай;

Бас есепші: Есенгарина Жанаргул Сабировна - 20.07.1999 жылы аудандық ауруханаға экономист қызметіне қабылданды. Жалпы еңбек өтілі – 25 жыл 11 ай, оның ішінде бас есепші қызметінде еңбек өтілі – 3 жыл 1 ай.

Осы айтылғандарды баяндай келе, Ойыл аудандық ауруханасы басшыларының (басшы, орынбасарлары, бас есепші) еңбек ақысын есептеу барысында жалпы еңбек өтілімімен есептеуді ұсынамын.

ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК 2024 жылға арналған хирургиялық бейін (хирург, акушер-гинеколог, анестезиолог) және терапиялық бейін (кардиолог, терапевт) басшыларының, әкімшілік персоналының, дәрігерлердің ынталандыру (стимулирующий) төлемі жөнінде келісу, жалақысын бекітуге дауыс беруді өткізу туралы ұсыныс түсті.

Жоғарыдағылардың негізінде ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК 2024 жылға жалақыларын бекіту мүмкін деп санаймын.

Сөз алған: Ж.Есенгарина – бас есепші

Келесі мәселелер бойынша: ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК 2023 жылға арналған даму жоспарының орындалуы туралы есебі келесі негізгі көрсеткіштерді қамтиды: 2023 жылға жалпы сомасы 1 417 839,8 мың тенге кіріс алынды, оның ішінде:

- өнімді өткізуден (республикалық бюджет, жергілікті бюджет) – 1 237 152,5 мың тенге,
- өнімді басқа тұтынушыларға сатудан (ақылы қызмет көрсету) -14 931,2 мың тенге,
- өтеусіз алынған активтерден (бюджеттен өтеусіз алынған активтерден кейінге қалдырылған кірістер, жергілікті атқарушы органдардың өтеусіз дәрілік заттары (Ақтөбе облысынан трансферттер)) – 164 071,9мың тенге
- басқа кірістер 1 684,2мың тенге.

2023 жылға шығыс 1 350 008,9 мың тенгені құрады, оның:

- өткізілген өнімнің өзіндік құны – 1 164 641,4 мың тенге,
- әкімшілік шығыстар – 113 837,5мың тенге,
- өзге де шығыстар – 71 530,0 мың тенге.

2023 жылдың қорытындысы бойынша пайда 67 830,9мың тенге сомасында алынды.

Кәсіпорынның 2023 жылға арналған штаттық саны даму жоспарына сәйкес 320,0 бірлік көлемінде қарастырылған.

Ойыл аудандық ауруханасының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында облыстан трансферт арқылы (мақсатты)-488 179,6 мың тенге бөлінді, оның: Рентген аппараты -16 007,7 мың тенге.
УЗИ аппараты -86 963,0 мың тенге.
ЭКГ аппараты -6 065,0 мың тенге .
Санитарлық автокөлік – 55 115,2 мың тенге .
Қалдық өртейтін пеш -5 867,0 мың тенге .
Күрделі жөндеу бу қазандығы ,шаруашылық ғимараты - 40 819,7 мың тенге .
Аурухана ғимаратына - 277 341,9 мың тенге.
Өз қаражат есебінен сатып алынған құралдар:
Медициналық құрал жабдықтар -1 080,3 мың тенге(пульсоксиметр, весы детский),
Орг. техникалар - 2378,2мың тенге , офистік жиһаздар -20191,9мың тенге , электр жылыту пештері (котел) -450,0мың тенге, асханалық электр пеші – 1638,0 мың тенге (3шт),
өндірістік кір жуғыш машинка -3982,3 мың тенге , электр су ысытқыш – 71,0 мың тенгеге сатып алынды.

Келесі алтыншы мәселе бойынша: Сөз алған: Н.Б.Арыстанова – ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары;
Алтыншы мәселе: Төсек қорын немесе Медициналық пункттерінің штаттық өзгертілуі, оның ішінде оны қысқартуды немесе қайта бейімдеуді келісу туралы.

ҚР Мемлекеттік мүлік туралы заңының және Еңбек туралы кодексіне сүйене отыра аудандық ауруханасының жарғысына және кәсіпорынның экономикалық жай-күйі мен өндірісте орындалатын жұмыстар және көрсетілетін қызметтер көлемі азайған жағдайға байланысты, емдеу мекемелерінің бөлімдерінде төсек қоры немесе медициналық пункттерінің штаттық өзгертілуі, оның ішінде оны қысқарту, қайта бейімдеу жүргізілетіні жөнінде хабарлай отыра ақпарат етемін.

Отырыс қорытындысы бойынша дауыс берілді:

«Келісемін» - 5 дауыс.

«Қарсы» - 0 дауыс.

«Қалыс қалғандар» - 0 дауыс.

Шешім қабылданды – бір ауыздан.


Құрметті бақылау кеңесінің мүшелері сіздерге қатыскандарыңыз үшін алғыс айтамын.

Бақылау кеңесінің төрағасы:



С.К.Койбагаров

Бақылау кеңесінің мүшелері:



А.А. Амангельдиев

К.Ә.Әліп

Бақылау кеңесінің хатшысы .



А.С.Бултекова

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫ» ММ-нің
ШЖҚ «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ
АУРУХАНАСЫ» МКК



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГКП «УИЛСКАЯ РАЙОННАЯ
БОЛЬНИЦА» на ПХВ ГУ
«УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

030000, Ақтөбе қаласы Ойыл ауданы,
Ойыл селосы, Желтоқсан көш., 19
тел. (факс): +7(71332), 2-10-80
E-mail: uil_crb@mail.ru

030000, г. Ақтөбе, район Уил,
село Уил, ул. Желтоқсан, 19
тел. (факс): +7(71332), 2-10-80
E-mail: uil_crb@mail.ru

ХАТТАМА № 2

БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Ойыл селосы

27.05.2024 г.

Отырыс өткізілетін орын: Ойыл селосы Желтоқсан көшесі 19

Мекеме сәйкестендіру коды: 14-060440006310-2023-008

Отырысты өткізу нысаны: күндізгі, (Zoom)

Отырыстың ашылу уақыты: 15 сағат 30 мин.

Отырыстың аяқталу уақыты: 16 сағат 30 мин.

Отырысқа қатысуға шақырылған Бақылау кеңесінің мүшелері:

1. С.К.Койбағаров – Бақылау кеңесі төрағасы
2. А.А.Шарапатов – Бақылау кеңесі мүшесі
3. А.А. Амангельдиев – Бақылау кеңесі мүшесі
4. К.Ә.Әліп – Бақылау кеңесі мүшесі
5. А.М.Байбатчаева – Бақылау кеңесінің тәуелсіз мүшесі

Шақырылғандар:

1. С.М.Нурбаев ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК бас дәрігері
2. Ж.С.Есенгарина– ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы"МКК бас бухгалтері.

ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ:

1. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК 2024 жылғы I жартыжылдықтағы даму жоспарын нақтылауын (түзету) бекіту.

Бултекова А.С. – Бақылау кеңесі мүшелерінің келуі туралы баяндаңыз.

БК хатшысы: Бултекова А.С.

Отырысқа қатысып отырғандар:

1. Қойбағаров С.К. – Бақылау кеңесі төрағасы
3. А.А. Амангельдиев – Бақылау кеңесі мүшесі
4. К.Ә.Әліп – Бақылау кеңесі мүшесі

Кворум бар.

Біздің күн тәртібімізде қаралатын төрт сұрақ бар:

1. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК 2024 жылғы I жартыжылдықтағы даму жоспарын нақтылауын (түзету) бекіту.

Сөз сөйлеген: С.М.Нурбаев ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК бас дәрігері:

1. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК 2024 жылғы I жартыжылдықтағы даму жоспарын нақтылауын (түзету) бекіту.

Сөз алған: С.Қойбағаров:

ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" МКК 2024 жылғы I жартыжылдықтағы даму жоспарын нақтылау (түзету) бекітуге мақұлдау үшін дауыс беру ұсынылды. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Кәсіпорынның ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы 2024 жылғы I жартыжылдықтағы даму жоспарын нақтылау (түзету) бекіту мүмкін деп санаймын.

Шешім қабылдауға жіберілді.

Отырыс қорытындысы бойынша Байқау кеңесі шешім қабылдады:

1. ШЖҚ "Ойыл аудандық ауруханасы" 2024 жылғы I жартыжылдықтағы даму жоспарын нақтылау (түзету)-н қарап, Байқау кеңесі ұсынылған даму жоспарының жобасына оң қорытынды беруге және осы жоспарды бекітуге ұсынуға мүмкіндік береді деп есептейді. Байқау кеңесі туралы ереженің негізінде осы қорытындының көшірмесі уәкілетті органға «Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасы» ММ-не беріледі.

Отырыстың жалпы қорытындысы бойынша дауыс берілді:

«Келісемін» - 5 дауыс.

«Қарсы» - 0 дауыс.

«Қалыс қалғандар» - 0 дауыс.

Шешім қабылданды – бір ауыздан.

Құрметті бақылау кеңесінің мүшелері сіздерге қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамын.

Бақылау кеңесінің төрағасы:



С.К.Койбағаров

Бақылау кеңесінің мүшелері:



А.А. Амангельдиев



К.Ә.Әліп

Бақылау кеңесінің хатшысы



А.С.Бултекова

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫ» ММ-нің
ШЖҚ «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ
АУРУХАНАСЫ» МКК



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГКП «УИЛСКАЯ РАЙОННАЯ
БОЛЬНИЦА» на ПХВ ГУ
«УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

030000, Ақтөбе қаласы Ойыл ауданы,
Ойыл селосы, Желтоқсан көш., 19
тел. (факс): +7(71332), 2-10-80
E-mail: uil_crb@mail.ru

030000, г. Ақтөбе, район Уил,
село Уил, ул. Желтоқсан, 19
тел. (факс): +7(71332), 2-10-80
E-mail: uil_crb@mail.ru

ХАТТАМА № 3

БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Ойыл селосы

08.11.2024 г.

Отырыс өткізілетін орын: Ойыл селосы Желтоқсан көшесі 19

Отырысты өткізу нысаны: сырттай.

Есептіліктің сәйкестендіру коды: 14-060440006310-2022-009

Отырысқа қатысуға шақырылған Бақылау кеңесінің мүшелері:

1. Капашев Максат Байрамбаевич – Бақылау кеңесі мүшесі
2. Жанахметов Сержан Жанахметович – Бақылау кеңесі мүшесі
3. Әліп Күлжамал Әлібекқызы – Бақылау кеңесі мүшесі
4. Койбағаров Серікбай Койшыбаевич – Бақылау кеңесі мүшесі
5. Аккуова Дидар Жолдыбаевна – Бақылау кеңесі мүшесі ОДСБ - өкілі

Шақырылғандар:

1. С.М.Нұрбаев – ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» бас дәрігері.
2. Ж.С. Есенгарина – ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК бас есепшісі
3. Ж.А. Дабылов – ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК мемлекеттік сатып алу есепшісі.

ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ:

1. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының 09.10.2024 жылғы № 152Ө § 9 бұйрығының негізінде құрылған бақылау кеңесінің мүшелерінің арасынан ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-нің бақылау кеңесінің төрағасын сайлау.
2. ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК бақылау кеңесінің хатшысын тағайындау, хатшының еңбек акысын тағайындау.
3. Ойыл аудандық ауруханасының 2024 жылдың екінші жартыжылдығына даму жоспарын нақтылау.

Отырысқа қатысып отырғандар:

1. Капашев Максат Байрамбаевич – Бақылау кеңесі мүшесі

2. Жанахметов Сержан Жанахметович – Бақылау кеңесі мүшесі
3. Әліп Күлжамал Әлібекқызы – Бақылау кеңесі мүшесі
4. Койбағаров Серікбай Койшыбаевич – Бақылау кеңесі мүшесі
5. Аккуова Дидар Жолдыбаевна – Бақылау кеңесі мүшесі ОДСБ - өкілі

Келмегендер: жоқ

Кворум бар.

Біздің күн тәртібімізде қаралатын үш сұрақ бар:

1. ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-нің бақылау кеңесінің төрағасын тағайындау.
2. Бақылау кеңесінің хатшысын тағайындау, еңбек ақысын нақтылау.
3. ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның 2024 жылдың екінші жартыжылдығына даму жоспарын нақтылау.

Бірінші сұрақ бойынша: ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның бақылау кеңесі төрағалығына, осы бақылау кеңесі мүшелігіндегі С.К.Қойбағаровты тағайындау туралы.

Қысқаша мәлімет:

Бақылау кеңесінің төрағасы қызметіне кандидат Койбағаров Серікбай Койшыбаевич 1971 жылдың 26 қыркүйегінде Ойыл ауданының Ақшатау ауылында дүниеге келді 1978 жылы Ақшатау сегізжылдық мектебінің табалдырығын аттап, 1988 жылы Н.К.Крупская атындағы Ойыл қазақ орта мектебін бітірді. 1988-1989 жылы «Ойыл» совхозында көмекші шопан болды. 1989 жылдың күзінде әскер қатарына шақырылып, Қызыл Жұлдызды Қиыр Шығыс Әскери Округінің Амур облысы мен Приморье өлкесінде 2 жыл міндетті Отан алдындағы борышымды өтеді. Әскерден келген соң 1992-1993 жылдары «Ойыл» совхозында жұмысшы болып еңбек етті. 1993 жылдың 1 ақпанынан бастап, 1996 жылдың ақпаны аралығында Ақтөбе облыстық телерадио компаниясына қарасты Ойыл аудандық радио торабында әуелі кіші редактор, кейіннен жауапты редактор қызметтерін атқарды. 1996-1997 жылдары аудан әкімшілігінің аудандық жастар ісі, туризм және спорт комитетінің маманы болды. 1997-2000 жылдары аудандық «Ойыл» газетінің тілшісі, жауапты хатшысы болды. 1999 жылы екінші шақырылған аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды.

2000 жылы облыстық «Рауан» қазақ радиосында ақпарат бөлімінің редакторы, кейіннен Ақтөбе облыстық телекомпаниясының ақпарат бөлімінің редакторы қызметінде болды. 2002-2003 жылдары Ақтөбе облыстық телекомпаниясының ақпарат бөлімінің бас редакторы қызметін атқарды. 2003-2005 жылдары облыстық «Ақтөбе» газетінің ақпарат бөлімінің менеджері, тілшісі болды. 2005-2007 жылдары № 8 мамандандырылған футболдан олимпиада резервін даярлайтын облыстық балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебінде әдіскер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болды. Сол жылдары «Алғашқы даярлық топтарында футбол әліппесін үйрету» оқулығын тәржімалауға атсалысты.

2007 жылдың тамыз айынан бастап аудандық «Ойыл» газетінің редакторымын. 2000 жылы Ақтөбе облыстық телерадио компаниясының 40 жылдық мерейтойына орай қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. 2001 және 2013, 2018 жылдары облыс әкімі сыйлығының иегері болдым. 2003 жылы Ақтөбе облысының «Үздік спорт журналисті» сыйлығына ие болды. Қоғамдық негізде өзім тұрған ауданың балаларынан 2002 жылы Ақтөбе қаласында «Намыс» аула клубын құрып,

жаттықтырған балалар футболдан екі мәрте қала чемпионы болды. Сол команданы өзім бастап барып, 2005 жылы Тараз қаласында өткен «Бығары доп» республикалық турнирінде қола жүлдеге қол жеткізді.

2007 жылы аудандық «Ойыл» газетінің редакторы болып тағайындалдым. 2009 жылы ауданда аталып өткен Ишанбай Қарақұловтың 100 жылдығына орай жарық көрген «Ғибратты ғұмыр» кітабының құрастырушы редакторы болды.

2011 жылы уақыт талабына сай «Ойыл газеті» ЖШС-н ашты. Қазір сол серіктестіктің директоры. Аудандық газеттің тұрақты шығуын және ауданда бес адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жоғары білімді. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің филология факультетін «Қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы» мамандығы бойынша бітірді. Отбасылы. Бес бала тәрбиелеп отыр. Өңгіме, мақалалары облыстық, республикалық басылымдар мен журналдар да жарық көрді.

Кандидат барлық талаптарға сай келеді, басқарушылық қызметте еңбек өтілімі бар, жоғары санаттағы маман, денсаулық сақтау саласы бойынша көптеген іс шараларға қатынасады.

Дауыс беру ашық деп жариялансын.

Дауыс берілді:

«Келісемін» - 4 дауыс.

«Қарсы» - 0 дауыс.

«Қалыс қалғандар» - 1 дауыс.

Шешім бір ауыздан **Койбағаров Серикбай Койшыбаевич** қабылдады. 2024 жылдың 01 қараша айынан бастап ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның бақылау кеңесінің төрағасы болып тағайындалсын.

Шешім қабылданды – бір ауыздан.

Екінші сұрақ бойынша бақылау кеңесінің хатшысын тағайындау және еңбек ақысын бекіту туралы. Хатшы ретінде қазіргі күнде ойыл аудандық ауруханаасының заңгері кандидатурасы ұсынылды. 2017 жылдан бері медицина салысында заңгер қызметін атқарып келген. Осы уақытқа дейін бірнеше медициналық мекемеде бақылау кеңесінің хатшысы қызметін атқарған. Бақылау кеңесінің хатшысы туралы ережесене сәйкес еңбек ақы тағайындалуы тиіс, Танжарбай Ақбота Ерболатқызына бақылау кеңесінің хатшысы ретінде кварталына бір рет бір жалақы көлемі төленуі тиіс деп есептеймін.

Дауыс беру ашық деп жариялансын.

Дауыс берілді.

«Келісемін» - 5 дауыс.

«Қарсы» - 0 дауыс.

«Қалыс қалғандар» - 0 дауыс.

Шешім бір ауыздан **Танжарбай Ақбота Ерболатқызы** 2024 жылдың 01 қарашасынан бастап «Ойыл аудандық ауруханасы» бақылау кеңесінің хатшысы болып тағайындалып, және еңбек ақысы бір жалақы көлемі кварталына бір рет төленсін деп қабылдады.

Шешім қабылданды – бір ауыздан.

Үшінші сұрақ бойынша: ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның 2024 жылдың екінші жартыжылдығына даму жоспарын нақтылау.

Бұл сұрақ бойынша аудандық ауруханасының бас есепшісі Ж.С. Есенгаринаға сөз кезегі беріледі.

Ойыл аудандық ауруханасының бас есепшісі өз кезегінде даму жоспарымен бақылау кеңесінің мүшелерімен таныстырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Берілген есепке байланысты ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның 2024 жылдың екінші жартыжылдығына даму жоспарын нақтылау туралы дауыс беруге рұқсат етіңіздер.

Дауыс беру ашық деп жариялансын.

Дауыс берілді:

«Келісемін» - 5 дауыс.

«Қарсы» - 0 дауыс.

«Қалыс қалғандар» - 0 дауыс.

Шешім: ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның 2024 жылдың екінші жартыжылдығына даму жоспары нақтылансын.

Бақылау кеңесінің төрағасы:



С.К. Койбагаров


Бақылау кеңесінің мүшелері:




К.Ә.Әліп



С.Ж. Жанахметов



М.Б. Капашев



Д.Ж. Аккуова

Бақылау кеңесінің хатшысы



Танжарбай А.Е.



030000, Ақтөбе қаласы Ойыл ауданы,
Ойыл селосы, Желтоқсан көш., 19
тел. (факс): +7(71332), 2-10-80
E-mail: uil_crb@mail.ru

030000, г. Ақтөбе, район Уил,
село Уил, ул. Желтоқсан, 19
тел. (факс): +7(71332), 2-10-80
E-mail: uil_crb@mail.ru

ХАТТАМА № 4

БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Ойыл селосы

09.12.2024 г.

Отырыс өткізілетін орын: Ойыл селосы Желтоқсан көшесі 19

Отырысты өткізу нысаны: сырттай

Мекеме сәйкестендіру коды: 14-060440006310-2022-010

Отырысқа қатысуға шақырылған Бақылау кеңесінің мүшелері:

1. Капашев Максат Байрамбаевич – Бақылау кеңесі мүшесі
2. Жанахметов Сержан Жанахметович – Бақылау кеңесі мүшесі
3. Әліп Күлжамал Әлібекқызы – Бақылау кеңесі мүшесі
4. Койбағаров Серікбай Койшыбаевич – Бақылау кеңесі мүшесі
5. Аккуова Дидар Жолдыбаевна – Бақылау кеңесі мүшесі ОДСБ - өкілі

Шақырылғандар:

1. С.М.Нұрбаев – ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» бас дәрігері.
2. Ж.С. Есенгарина – ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК бас есепшісі
3. Ж.А. Дабылов – ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК мемлекеттік сатып алу есепшісі.

ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ойыл аудандық ауруханасының 2025 жылғы даму жоспарын бекіту.
2. Мемлекеттік сатып алу қаржылығы жөніндегі 2025 жылға жоспарымен келісу, бекіту.

Отырысқа қатысып отырғандар:

1. Капашев Максат Байрамбаевич – Бақылау кеңесі мүшесі
2. Жанахметов Сержан Жанахметович – Бақылау кеңесі мүшесі
3. Әліп Күлжамал Әлібекқызы – Бақылау кеңесі мүшесі
4. Койбағаров Серікбай Койшыбаевич – Бақылау кеңесі мүшесі
5. Аккуова Дидар Жолдыбаевна – Бақылау кеңесі мүшесі ОДСБ - өкілі

Келмегендер: жоқ

Кворум бар.

Біздің күн тәртібімізде қаралатын бір сұрақ бар:

1. ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның 2025 жылға даму жоспарын бекіту.

Бірінші сұрақ бойынша: ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның 2024 жылға даму жоспарын нақтылау. Бұл сұрақ бойынша аудандық ауруханасының бас есепшісі Ж.С. Есенгаринаға сөз кезегі беріледі.

Ойыл аудандық ауруханасының бас есепшісі өз кезегінде даму жоспарымен бақылау кеңесінің мүшелерімен таныстырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Берілген есепке байланысты ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның 2025 жылға даму жоспарын бекіту туралы дауыс беруге рұқсат етіңіздер.

Дауыс беру ашық деп жариялансын.

Дауыс берілді:

«Келісемін» - 5 дауыс.

«Қарсы» - 0 дауыс.

«Қалыс қалғандар» - 0 дауыс.

Шешім: ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның 2025 жылға даму жоспары бекітілсін.

2. Мемлекеттік сатып алу қаржылығы жөніндегі 2025 жылға жоспарымен келісу, бекіту.

Екінші сұрақ бойынша Бұл сұрақ бойынша аудандық ауруханасының мемлекеттік сатып алу есепшісі Ж.А. Дабыловқа сөз кезегі беріледі.

Ойыл аудандық ауруханасының мемлекеттік сатып алу есепшісі өз кезегінде жоспарымен бақылау кеңесінің мүшелерімен таныстырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Берілген есепке байланысты ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның 2025 жылға мемлекеттік сатып алу жоспарын бекітуге дауыс беруге рұқсат етіңіздер.

Дауыс беру ашық деп жариялансын.

Дауыс берілді:

«Келісемін» - 5 дауыс.

«Қарсы» - 0 дауыс.

«Қалыс қалғандар» - 0 дауыс.

Шешім: ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК-ның 2025 жылға мемлекеттік сатып алу қаржылығы жоспары бекітілсін.

Бақылау кеңесінің төрағасы:



С.К. Койбағаров

Бақылау кеңесінің мүшелері:




К.Ә. Әліп



С.Ж. Жанахметов



М.Б. Капашев



Д.Ж. Аккуова

Бақылау кеңесінің хатшысы



Танжарбай А.Е.